



**06-16.02.2024ж. өтетін Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің
ЖОСПАРЫ**

№	Мерзімі	Өткізілетін іс-шаралар мазмұны	Іс-шаралардың өтілу тәсілі	Сын ыпта р	Жауаптылар	Әлеуметтік желіге жүктейтін жауапты мүг.
1	06.02.24ж.	Апталықтың ашылуы 1 «Бір мақал-бір бауырсақ» акциясы 2. Таңғы көңіл-күй	Журналистердің репортажы, жаңалықтар, хабарландырулар	5-11	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері	Құрбан Ж.Б.
2	06.02.24ж. 12:30 мин	I бөлім. Сахналық көрініс II бөлім. Поэзиялық кеш	1. Сахналық көрініс .Міржақып Дулатов «Оян, қаза қ» фильмінен эпизодтық қысқаша көріністер 2. Оркестрдің орындауында «Балбырауын» күйі 3. Туған жер» әні	8-10	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері	Шеримова Р.К.
3	09.02.23ж.	Мұқағали спектаклі	Театрға бару	9-10	Сихымбаева А.С. Ирисбекова Г.	Ирисбекова Г.
4	08.02.23ж.	Қазақтың спорттық ойындары	Спорт зал	5-6	Пән мұғалімдері, Дене шынықтыру пән мұғалімдері	Сихымбаева А.С.
5	08.02.24ж. 13:00	Менің ана тілім-қасиетті қазақ тілі	Эссе жазу байқауы	9-11	Шеримова Р.К. Құрбан Ж.Б.	Құрбан Ж.Б.
6	09.02.24ж. 5-сабақ	Б.Сокпақбаев «Менің атым-Қожа»	Ашық сабақ	5 Г	Курманалиева Ж.Т.	Курманалиев а Ж.Т.
7	09.02.24ж.	Мен мемлекеттік тілімді білемін, сен ше?	Тик-ток түсіру орыс сыныптары	8-9	Бегманова Л.Т. Құрбан Ж.Б.	Құрбан Ж.Б.
8	12.02.24ж. 3-сабақ 308-каб	Қазақстандағы биотехнология ғылымының дамуы	Ашық сабақ	9 Б	Шеримова Р.К.	Шеримова Р.К.
9	13.02.23ж.	Туған еліміздің мемлекеттік тілін білуге міндеттіміз!	Диктант жазу байқауы орыс сыныптары	5-8	Бегманова Л.Т. Курманалиева Ж.Т.	Курманалиев а Ж.Т.
10	14.02.24ж.	«Бүгін менің туған күнім	Әдеби кеш	9-10	Құрбан Ж.Б.	Құрбан Ж.Б.

	2-сабақ 14-кабинет	ой пәлі-ай»	М.Мақатаевтың 93 жылдығы	сыны птар	Шеримова Р.К. Арынбаева А	
11	15.03.24ж.1 -сабақ 14- 00-14.45	"Поэзия, сен менімен егіз бе едің?"	Мәнерлеп оқу сайысы	6- сыны птар	Абдураимова Қ.У.	Абдураимов а Қ.У.
12	14.02.24ж. 2-сабақ 14-кабинет	М.Мақатаевтың 93 жылдығы	Әдеби кеш	8 сыны птар	Ирисбекова Р.К.	Ирисбекова Р.К.
13	15.02.24ж. 3-сабақ 205 каб	Қ.Қайсенов «Сұрапыл соғыс азабы»	Ашық сабақ	7 А	Сихымбаева А.С.	Сихымбаева А.С.
14	15.02.24ж.	Акындардың өлеңін оқу	Эстафета	8-10	Пән мұғалімдері, мектеп басшысы	Шеримова Р.К.
15	15.02.24ж.	«Ақылды аң»	Ашық сабақ	4 сыны п	Бегманова А.Т	Бегманова А.Т
16	16.02.24ж.	"Оқуға құштар мектеп " жобасы аясында	«Бір сынып-бір кітап» тәрбие сағаты	9	Шеримова Р.К.	Шеримова Р.К.
17	16.02.24ж.	Апталықтың жабылуы		5-10	ӘБ жетекшісі,пән мұғалімдері	Құрбан Ж.Б.

ӘБ жетекшісі

Шеримова Р.К.

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНА ҚАРАСТЫ ЦИОЛКОВСКИЙ
АТЫНДАҒЫ №84 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП

Тәрибе сағаты

*«9 ақпан-қазақтың ақиық ақыны М.Мақатаевтың
туған күні»*



Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі: Ирисбекова Кулжахан Ережепқызы

2024 жыл

Сынып сағаты

Күні: 09.02.2024ж

Сыныбы: 8 «А,Ә,Б,Г»

Сынып жетекшісі: К. Е. Ирисбекова

Оқушы саны:35

Тәрибе сағаттың тақырыбы: «9 ақпан-қазақтың ақын ақыны М.Мақатаевтың туған күні»

Максаты: Ақынның өмірін, өлеңдерінің өзіндік табиғатындаралай, саралай отырып өзгешелігіне көңіл бөлу, өлеңді мәнерлеп, жатқа оқуға дағдыландыру, отан шылдыққа, туған жерге деген сүйіспеншілікке, табиғат әсемдігін түсінуге, қасиеттің әрселерді қадір тұтуға тәрбиелеу.

Уақыты	Сабак кезеңдері мен жұмыс түрлері	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Ұпай 1-5
Сабактын басы	Ұйымдастыру кезеңі. Оқушыларды топтастыру.	Оқушыларды түгелдеп, сынып тазалығына қарау. Оқушылардың назарын сабаққа аудару. Дөңгелек үстел. Сергіту сәті. "Өрмекші торы" ойыны. 1. Мұқағалидың шын есімі? 2. Мұқағали дүниеге келген ауыл? 3. Мұқағалидың анасының есімі? 4. Мұқағалидың қандай әндерін білесің? 5. Мұқағали өмір сүрген жылдар? 6. Мұқағалидың қандай өлеңі саған ұнайды? 7. Мұқағалидың туған күні? 8. Мұқағалидың туған жері? 9. Мұқағалидың әкесінің есімі? 10. Мұқағалидың балаларының есімі?	Оқушылар назарын сабаққа аударды. Оқушылар жіпті кезекпен бір-біріне ұсына отырып, Мұқағали өмірі мен шығармашылығынан сұрақтарға жауап береді	
Сабактын ортасы		Ақынның өмір жолы мен шығармашылығына шолу Интерактивті тақтада М.Мақатаевтың портреті, ақын туралы слайд көрсетіледі. Мұғалімнің кіріспе сөзі: Ой-қозғау. Мұқағали Сүлейменұлы Мақатаев (1931-1976, шын аты Мұхаммедқали) – қазақтың лирик ақыны, мұзбалақ ақын, өз заманында лайық бағасын ала алмаса да өзінен кейінгілер үшін мәртебесі биік ақын. "Қарасаздан ұшқан қарлығаш" - деген өлеңінде: "Мен өзім жайында мынаны айтам: Мен ХХІ ғасыр ұрпақтарының құрдасымын. Бәлкім, одан әрідегі ұрпақтардың туысымын да ..." - деп жазған екен. ІІІ. Тұсаукесер. Мұқағали Мақатаевтың жанды дауысы жазылған бейнежазбаны тамашалайды. - Қара саз, қара шалғын өлеңде өстім, Жыр жазсам оған жұртым елеңдестің. Өлсе өлер Мұқағали Мақатаев	Мұқағали Мақатаевтың жанды дауысы жазылған бейнежазбаны тамашалайды. Оқушылар ақын өлеңдерінен үзінділер оқиды. Оқушылар ақын ақынның өлеңдерін жатқа айтады.	

		Өлтіре алмас алайда өледі ешкім,- деп акынның өзі жырлағандай Мұқағали өлгенімен жез қылыштай жырлары өлгені жоқ. Оқушылар акын өлеңдерінен үзінділер оқиды. Оқушылар ақиық акынның өлең жолдарын жатқа айту Өкпелесті дей алман өмір мені Не пайда күрсінгеннен Ұлыма Көшеде Өзімнің есебімше Фантазия Көрініс: «Сәби- ана»	«Сәби –ана»көрінісін оқушылар сахналады.	
	Топтық жұмыс.	➤ Акын туралы естеліктер ➤ Замандастар Мұқағали жайлы ➤ Аудармалары ➤ Библиографиялық сиректік ➤ Мақатаев поэзиясы қазіргі заман шындығымен үндесе ме? ➤ Армандар орындалмады	Оқушылар қорытынды сөздерін постер жасау арқылы сабақты қорытынды жасайды	
Сабақтың соңы	Қорытынды.	«Сәби болғым келеді,сәби болғым, «Есіме мені алғайсың»,«Есіңе мені алғайсың» әні орындалады Акын мұрасы, маржан поэзиясы – мәңгілік, болашақ ұрпақтың еншісі, қастерлеп қадірлейтін қазынасы.	«Есіңе мені алғайсың» әні орындалады	



Циолковский атындағы № 84 жалпы орта білім беретін орта мектебі

Диктант жазу байқауы
«Туған еліміздің мемлекеттік тілін білуге
міндеттіміз!»



Пән мұғалімі : Курманалиева Ж.Т

Шымкент 2024 жыл

Диктант жазу байқауы
Туған еліміздің мемлекеттік тілін білуге
міндеттіміз!





Тіл туралы заң



Қазақстан Республикасының 1997 жылы 11 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңы қабылданғаннан бері қарай мемлекеттік тіл болып- Қазақ тілі белгіленді.

Осы Заңның 4 бабында *«Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Сонымен бірге, Үкімет, мемлекеттік органдар мемлекеттік тілді, яғни қазақ тілін барынша дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға және қазақ диаспорасына ана тілін сақтау мен дамытуы үшін көмек көрсетуге міндетті деп көрсетілген».*

Сонымен қатар, аталған Заң Қазақстан Республикасында тілдердің қолданылуының құқықтық негіздерін, мемлекеттің оларды оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі міндеттерін белгілейді.



Диктант Қазақстан

Біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасы. Қазақстан – тәуелсіз, көп ұлтты мемлекет. Біздің жер көмірге, мұнай мен газға аса бай. Біздің егістікте бидай мен күріш, сұлы мен тары өседі.

Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласы. Астана – әсем қала. Ол Есіл өзенінің жағасында орналасқан. Қала жылдан-жылға көркейіп келеді.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік Мемлекеттер Достығының құрамына енді. Қазақстан Республикасы Біріккен ұлттар ұжымына мүшелікке қабылданды. Қазақстанда барлық ұлттар тату тұрады.

Үй жұмысы.қайталау







Циолвоский атындағы №84 жалпы орта білім беретін мектебі

Ашық сабақ

Тақырыбы: *Ақылды аң*

Мұғалім: Бегманова Л.

Сынып: 4 В

Шымкент-2024

Пән: Қазақ тілі Т2	Бөлім: 6. Қоршаған ортаны қорғау			
Күні : 15.02.24ж	Педагогтің аты-жөні:Бегманова Л.Т			
Сынып: 4В	Қатысқан оқушылар:		Қатыспаған оқушылар :	
Сабақтың тақырыбы:	Ақылды аң			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	4.1.3.1 * тыңдаған материалдың (ұзақтығы 2-2,5 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру/сөйлемді толықтыру және түйінді тұстарын анықтау/кесте толтыру/кластер құрастыру/болжау 4.2.5.1 шығарманың кейіпкері туралы пікірлерді (менің түсінігім бойынша, ... оның пікірінше, ... , оның айтуынша, ..., кейбір адамдардың ойынша, ...) салыстыра отырып бағалау			
Сабақтың мақсаты :	Қасқыр туралы оқып біледі; Сөздік қорын толықтырады.			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	«Психологиялық жағымды ахуал қалыптастыру: Мақсаты: мейірімді болуға, қамқор болуға, қарапайым болуға баулу. «Ең жақсы» ойыны Қатысушылар екі топқа бөлінеді. Әр топқа мынадай пұсқау беріледі. Берілген мінездеме қай мамандыққа сай екендігін айту қажет. Ең ақшалы, ең жасыл, ең тәтті, ең күлкілі, ең ұсқынсыз, ең қарым - қатынасы күшті, ең жауапты, ең салмақты Үй жұмысын тексеру Сабақтың тақырыбын, мазмұнын суреттер арқылы болжайды.		«Қол шапалақ».	Слайд
Сабақтың ортасы (6-37 минут)	1.Сөздікпен жұмыс. Жаңа сөздермен таныстырады, оқушыларға қайталайды: Ойтүрткі Жаттығайық 1-тансырма	Тыңдалым,айтылым. Жаңа сөздерді жазады, сөз тіркестерін, сөйлем құрастырады. Үйір-рой, семейство Жорыққа-на поход Шығу-выйти Қоректену-питание Жаңа сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру жаттығуы: Жаңа сөз үйренейік  Айтылым Сөйлемдерді оқы. Бос орынға жаңа сөздердің бірін қой. Қасқырлар ... жүрмейді, олар үйір болып жүреді.	«Табыс баспалдағы»	Оқулық сөздік слайд Дескриптор: -Оның отбасы мүшелерін әңгімелейді.

Сабақтың соңы 3 минут	Үй тапсырмасын беру : 5-тапсырма		
	Кері байланыс «Түрлі- түсті смайликтер»	Өз деңгейлерін анықтайды.	



Циолвоский атындағы №84 жалпы орта білім беретін мектебі

Ашық сабақ

Тақырыбы: *Қазақстандағы биотехнология ғылымының дамуы*

Мұғалім: Шеримова Р.К.

Сынып: 9 Б

Шымкент-2024

Бөлім: Биотехнология және гендік инженерия келешегі.		Мектеп: 84		
Күні: 12.02.24ж.		Мүғалімнің аты - жөні: Шеримова Р.К.		
Сынып: 9Б		Қатысқан оқушылар саны:	Қатыспағандар:	
Сабақ тақырыбы:	Қазақстандағы биотехнология ғылымының дамуы			
Оқу бағдарла масына сәйкес соғытумақс аттары	9.2.7.1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтар, ғылыми еңбектерден алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасайды; 9.4.4.3 сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану;			
Сабақтың саты	ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтар, ғылыми еңбектерден алынған деректерді дәлел ретінде қолданады, авторына сілтеме жасайды; - сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата біледі, түрлендіріп қолданады.			
Жоспар				
Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру, сабақ мақсатын хабарлау, бағалау критерийімен таныстыру. Жағымды психологиялық ахуал. Оқушылар қорабтың сыртындағы биотехнологияға қатысты сұрақтарға жауап береді. Оқушылар ой тұжырымдайды, өз пікірлерін білдіреді. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтайды.  ОҚЫЛЫМ АЛДЫ. - Қазақстанда биотехнология ғылымы қандай деңгейде дамуда деп ойлайсындар? Өз пікірлеріңмен бөлісіңдер. Дескриптор: • Сұрақ төңірегінде ізденеді; • Сұраққа жауап береді; • Өз пікірімен бөліседі. ҚБ  ОҚЫЛЫМ ТАПСЫРМАСЫ. Оқушыларға топ бойынша мәтіндер беріледі. Мәтіндермен жеке танысып, БҚҰ-І кестесін толтырады. «БҚҰ І» кестесі	Оқушылар ой тұжырымдайды, өз пікірлерін білдіреді.		
Сабақтың ортасы		Оқушылар сұрақ төңірегінде ізденеді, сұраққа жауап береді; өз пікірімен бөліседі.		

	Мен мәтіндегі мәселе жайлы не білдім?	Мен ол туралы тағы не оқып білуім қажет?	Оқушыларға тапсырма беріледі. Мәтіндермен жеке танысып, БҚҰ-І кестесін толтырады.	ham-kiihtin-kiesi_a3 024267
	 Артық болмас білгенін. 1-топ Гендік модификация дегеніміз не? Гендік модификация - биотехнологиялық жолмен улы заттарға, суыққа, ыстыққа төзімді өсімдік түрін жасап шығару. 1950 жылдарда атом энергиясымен қосанжарласа дамыған биотехнология ғылымы бүгінде осылай адам баласына өсімдіктің жаңа түрлерін тұтынуға мүмкіндік туыды. Жалпы, саудаға шығарылған мұндай тауардың халық шошыпатын екі түрлі қаупі бар. Біріншісі – гендік модификациялау болса, екіншісі – Қытайдан әкелінген көкөністер. Гендік модификациялау ұғымына өсімдік түрін биотехнологиялық жолмен кездесетін түрлі кедергілерге, яғни суыққа, ыстыққа төзімді, кеміргіштерге қарсы улы заттар қосып, тез өсіп шығатындай етіп жасау. Ғылымның бұл саласы бүгінде тек жануарларға қатысты емес, адамдар азық-түлікті де жасап шығаруды қолға алды. Мәселен, әрбір өсімдікке, оның сақталу мерзіміне байланысты әртүрлі жәндіктер мен жан-жануарлардың гендерін қосады: жалтыраған қап-қатты алмаға шаянның гені енеді, жүгеріге жәндіктер залалын тигізбеуі үшін жыланның уынан алынған белсенді ген енгізілетін көрінеді. Ал гендік өзгеріске ұшыраған бұл азықты саудаға шығаруды өз кезегінде Қытай мықтап қолға алған. Тапсырма1. Мәтінді оқып болған соң, екі түрлі қаупін және екі артықшылығын айтып беріңдер 2-топ. Біз кімге айналып бара жатырмыз? Дүниежүзілік сауда ұйымының талабы бойынша, құрамдас елдер генетикалық түрлендірілген тағамдарды импорттауға шектеу қоймауға тиіс. Алайда, айтып өткеніміздей, АҚШ пен Англия гендік модификациядан өткен өнімдердің өз елдерінде сатылуына шек қойып отырады. Сол секілді, Ресей ғалымдары да бір елді мекен тұрғындарына Қытайдың трансгенді өнімдерін ғана беріп отырып, екі жыл бойы бақылау жүргізген. Ауыл тұрғындары таза органикалық өнімдермен тамақтанған көршілес ауыл тұрғындарымен салыстырғанда, ас аллергиясына көп ұшырағыш болып кеткені анықталған ұқсайды... Ал енді қазаққа гендік		Мәтін мазмұнын меңгереді. «Жұлдыз»	Думан Анаш

модификациядан өткен өнімді тұтырудың қажеті қаншалық? Кең байтақ жері бар, суы бар, күні де жылы, мал өсіріп, егін егуге қолайлы территорияда тұратын 16 миллион халық жасанды тағамға зар болып отыр ма?

Қытай ғалымы Лао-Цзы: «не жесен, соған тартасың» деген екен. Адамның қандай малдың етін көбірек жесе, мінезі соған ұқсап кететінін басқа ғалымдар да дәлелдеп баққан. Ал, расында, жануарлардың гені қосылған жемістер мен көкөністерді жеу бізді жылқы мінезімізден алыстатып жібермей ме?..

Жан-жануардың гені қосылып өндірілген өнімді тұтыну ертеңге ұрпағымыздың да геніне, мінезі мен болмысына әсер етін жүрмей ме?

Тапсырма 1. Мұғалімнің сұрағына осы мәніннен жауап іздеңдер. Сұрақ 135-бет, Төрегелді Шармановтың пікірін мұғалім оқиды, оқушылар мәтін бойынша, кері пікір дайындайды.

3-топ.

Қияр неге қауындай, шне неге қызанақтай?..

Осыдан бірнеше жыл бұрын ақыл ағамыз Мұхтар Шаханов Парламент Мәжілісінің депутаты болып отырған уағында осыған ұқсас мәселе көтерген. «Қытайдың алмалары өзіміздікінен арзан және түрі үнемі әп-әдемі болып жылтырап тұрады. Оған құрт та түспейді. Ұзақ сақталады. Дәмі жоқ болса да, қазір бәріміздің дастарханмыздан орын алған. Ал енді осында бір гәп бар сияқты. Соны зерттеп, тексеріп жатқан адам бар ма? Осы Қытайдың жемістері денсаулыққа қалай әсер етуі мүмкін?» – деп, мәселе көтерген.

Таң қаларлығы сол, бізде шет елдерден әкелініп жатқан азық-түлікті, соның ішінде көкөністер мен жеміс-жидектерді толыққанды қадағалап, лабораторияда зерттеп отырған орталықтар жоқ екен. Сауда орындарындағы зертханалар тек нитраттарды, ағзаға бірден әсер ететін зиянды заттар мөлшерін анықтайды. Сол себепті, әлгі құрт түспейтін, шірімей, езілмей, ұзақ сақталатын трансгендік өнімдер өзінің ғажап қасиеттерімен ертегілер елінен әкелінгендей жұмбақ болып қала берсін.

Десек те, кез келген өсімдік өзінің тарихтан белгілі қасиеттерін, дәмін, пішінін өзгерткенде оның табиғи өнім еместігін пайымдай беруге болады. Ол – гендік өзгеріске ұшырағандықтың белгісі. Ал гендік модификация мәселесі бүгінге дейін біздің елімізде жете мән беріліп, назарға алынбаса да, халықаралық тағамтану институттары ғалымдарының қызыл кеңірдек болып айтысып, тартысып жүрген мәселесіне айналды.

Тапсырма 1. 20 миллион халықты асырау үшін

ша»



Грамматик алық тапсырма орындайды.

«Жұлдыз ша»



«Жұлдыз ша»



Оқушылар микрофонға гендік өнімнің екі пайдалы және екі зиянды тұсын айтады. Ойын дәлелдер келтіре

бізге ГМО қосылған тамақтар керек пе?

Дескриптор:

- мәтіндегі мәселе жайлы білетінін жазады;
- ол тақырып туралы тағы не оқып білетіндігін анықтайды;
- тақырыпқа байланысты ұсынысын жазады.

ҚБ

Оқушылар бір-бірінің жұмысына кері байланыс береді.

ОҚЫЛЫМНАН KEЙІН.

4-тапсырма. ӘТН тапсырмасы

Сәйкестендіріңдер. Салалас, сабақтас сөйлемдердің жалғасын тауып, жасалу жолын анықтаңдар.

1. Көзінде селекция әдісіне күллі дүние жүзі қарсы тұрғанымен, ... 2. Ұлттың сауаттылығы маңызды мәселе болғандықтан, ...

3. Биотехнологияның қызметін екі сөзбен айтып жеткізу қиын болса, ...

4. Құттық биотехнология орталығы осы жетістіктермен шектеліп қалмайды, ...

Жалғасы

1... бүгінде халық оның пайдасының көп екеніне көз жеткізді. 2... оны ойлап тауып енгізу одан да күрделі.

3... сондықтан ғалымдар өз өзірлемелерін одан әрі де жалғастыра береді.

4... бұл мәселелерді шешуде биотехнология шешуші рөл атқарады.

Дескриптор:

- Құрмалас сөйлемдердің құрылымын біледі;
- Берілген сөйлемдерді салалас, сабақтас құрмаластарға жалғасын таба алады;
- Жасалу жолын түсіндіреді.

ҚБ

ЖАЗЫЛЫМ . Тапсырма. 133-беттегі сызбаны пайдалана отырып, «Биотехнология заман талабы ма?» деген тақырыпта аргументативті эссе жазыңдар.

ҚБ

Кері байланыс

Бекіту. «Бос микрофон» тәсілі.



Оқушылар микрофонға гендік өнімнің екі пайдалы және екі

зиянды тұсын айтады. Ойын дәлелдер

отырып жеткізеді.

	келтіре отырып жеткізеді. Оқушылар өз пікірлерін білдіруде логикалық екпінді түсініп, дұрыс қолданады. Дескриптор: • гендік өнімнің екі пайдалы тұсын айтады; • гендік өнімнің екі зиянды тұсын айтады; • ойын дәлелдер келтіре отырып жеткізеді. ҚБ			
Рефлексия бет	ҚКҚ әдісі арқылы береді.	Үй тапсырмасы: 6-тапсырма, 143-		

